Ерте жас тобының балаларына арналған ойыншықтар

Әр ойыншықтың өзіндік функционалдық мақсаты болады және ойыншықтар арқылы балалардың сөйлеу қабілетін дамытамыз .Алайда көптеген ойыншықтардың ішінде баланың жасына лайықтыны және оған қызықты да пайдалы болатын және оның дамуына ықпал ететін ойыншықтарды таңдау маңызды болмақ. Сылдырмақ - бұл баланың келісілген қозғалыс дағдыларын (моторикасын), көру, есту қабілеттерін, тактильді сезінулерін дамытуға арналған өте маңызды ойыншығы болып табылады. Сылдырмақты таңдағанда оның көлемі баланың қолына сиятындай болуы керек.Ойыншық ашық түсті болуы және оның құрамдас бөліктері баланың аузына түсіп кетпес үшін мықты бекітілген болуы тиіс.

"Балаңызға ойыншық ретінде тағы не қолдануға болады?" десеңіз, әрине, тұрмыстық заттарды да қолдануға болады, оның үстіне ол әр үйде болатын нәрсе. Мысалы, ойын үшін келесі аталған заттарды қолдануға болады:пластикалық ыдыс-аяқтарды, қасықтарды, табақтар мен басқа да ыдыс-аяқтарды;

Балаңызды қолыңыздан ойыншықтар мен басқа заттарды алуға шақырыңыз және оның оларды дұрыс ұстап алғанына көз жеткізіңіз. Балаңыздың іштеп немесе бүйірлеп жатып, ойыншыққа қолын созып, оны алып, барлап, қарап және бұрынғыдай емес, көрген нәрсеге қызығушылық білдіріп жатқанынан сіз оны тез өсіп келе жатқанын түсінетін боласыз.Бала қолына ойыншықтарды ала бастаған сәттен бастап, олармен әрекет етуді қалайтын болады. Балаларға ойыншықты сермеуді, қолдан қолға ауыстыруды, ұруды, лақтыруды үйретіңіз және оны солайша әрекет етуге ынталандырыңыз. Сол кезде балада назарын өзіне аударатын нәрсені алуға деген қажеттілік туындайды. Ешқашан бала өзі істей алатын нәрсені оның алдына түсіп ол үшін әрекет етуге асықпаңыз!Мысалы, балаға сары түсті домалақ ұнап, ол оған жетуге тырысып, бар күшін салып жатыр делік. Алайда анасы оған өзі алмақшы болған затты түсіп алып бермегенде өзі ала алар ма еді. Өзіңіз байқап отырғандай, бұндағы проблема баланың болашағына зор зиянын тигізуі мүмкін орынсыз қамқорлық болып табылады. Бүкіл ата-аналардың табанды әрі мақсатты баланы қалайтыны белгілі, олай болса біз оларға осындай орынсыз қамқорлықпен кедергі етпеуіміз керек. Баланың қолдары затты ұстауға бейімделіп, оларды берік ұстауға үйрене бастайды. Допты ол ербейген саусақтарымен алатын болса, бауды сұқ және ортаншы саусақтары арқылы, ал кубикті саусақтарын бүйірлерінде орналастыру арқылы ұстап қалатын болады.Енді сіздің кішкентайыңыз осылайша заттармен белсенді әрекет етіп жүргенде сіз оған осындай әрекеттерді жүзеге асыратын кішкентай алаңшаны дайындауыңыз қажет. Осы мақсатта сіз оған ойыншықтарды, шүберектерді, қағазды және басқа да қауіпсіз заттарды тастауға арналған үлкен қораптарды дайындап қойып, олардың барлығын қайтадан